

# АЛТАУ Ардагері



alm\_obl\_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№4 (66) 24 қаңтар 2025 жыл

**Тұрғын үй**

## ОТБАСЫЛАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында аудан орталығы Бақанас ауылының 5 қабатты 40 пәтерлі жалгерлік тұрғын үйлердің кілті табысталып, тұрғын үй кезегінде тұрған аудан тұрғындары баспаналы болып, зор қуанышқа бөленді.



Мерекеге орай ұйымдастырылған іс – шараға аудан әкімі Азат Құтпанбетов, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев, аудандық мәслихат төрағасы Кәдірбек Омаров, аудан әкімінің орынбасарлары, аудандық мекеме – ұйымдардың басшылары, аудан тұрғындары қатысты.

Салтанатты шарада алғашқы сөз кезегін алған аудан әкімі Азат Үкітайұлы өз сөзінде «Аудан тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі ауданымызда да қарқынды жүріп, жылма-жыл тұрғын үйлер бой көтеріп, әрбір тұрғынның баспаналы болу мүмкіндігіне қол жеткізілуде.

Бұл тұрғын үйдің құрылысы 2022 жылдың қараша айында «Бауыр Құрылыс Компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігімен келісім-шарт жасалып басталған болатын. Тұрғын үйдің жалпы ауданы - 2586,6 шаршы метрді құрайды. Оның ішінде 2 бөлмелі әр пәтердің аумағы - 55,5 шаршы метр болса, 3 бөлмелі пәтер көлемі - 67,5 шаршы метрді құрап отыр.

Дана халқымызда «Ауласы бірдің, ауасы бір» деген қанатты сөз бар. Сондықтан баспаналы болып отырған пәтер иелері құтты болсын айтып, «Сіздерге бұл баспана жайлы қоныс болып, әр күндеріңіз бақыт пен қуаныш мекеніне айналсын деген тілегімізді арнаймыз» деп, тұрғын үй құрылысын жүргізген серіктестіктің директоры Эльмира Сатыбалдиева ризашылығын білдіріп, аудан халқы атынан



**Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.**  
Балқаш ауданы.

**Өмір салты**

## БЕЛСЕНДІ ҰЗАҚ ӨМІР СҮРУ ОРТАЛЫҒЫ ЖҰМЫСЫН БАСТАДЫ

2018 жылдың маусым айында аға буын өкілдерінің өмір сүру сапасын арттырып, белсенді, шығармашылық және ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға бағытталған жүйелі мәдени-демалыс жұмысы үшін инфрақұрылым құру мақсатында республикада алғашқы «Белсенді ұзақ өмір сүру орталықтары» ашылды. Мақсаты әр өмірде тұратын зейнеткерлік жастағы адамдарды әлеуметтендіру, психологиялық сауықтыру, спорттық және бос уақытты сапалы өткізу арқылы белсенді өмір салтын қолдау.



Осы мақсатта әкімдіктің кіші залында аудан әкімі Нұрбақыт Теңізбаевтың төрағалығымен облыстық «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығы» КММ-нің басшысы Жания Сакташева және облыстық аналар кеңесінің төрайымы Гүлнар Жойшыбекова ауданда «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» құрылуы, оның барысы туралы басқосу өтті. Басқосуға бөлім басшылары, ақсақалдармен аналар кеңесінің төрағалары қатысты.

Жиын барысында «Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының» құрылуы, жұмыс барысы туралы орталық директоры Жания Көпжүрсінқызы сөз алып, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Облыстық аналар кеңесінің төрайымы Гүлнар Сағатқызы аталған орталықтың жұмыс барысы туралы толыққанды тоқталып өтті.

Сондай-ақ, кездесу барысында орталықтың Кеген ауданында филиалының

Алғыс айтып, осындай тұрғын үйлер болашақта да бой көтеріп, тұрғын үй кезегінде тұрған аудан тұрғындары баспаналы болатынын айтты.

Келесі кезекте аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақыт Сқабаев ақ батасын берді.

Мұнан соң қуанышты сәттерін тағатсыздана күтіп тұрған пәтер иелеріне баспана кілті салтанатты түрде табысталып, лентасы кесіліп, әжелер қауымы шашу шашып, жиналған көпшілік мәре - сәре болып, бір – біріне құтты болсын айтып, қуанышқа ортақтасып жатты.

Баспаналы болу-әрбір адамның асқақ арманы, басты байлығы. Кім де болса шаңырағы биік, босағасы берік өз үйі болғанын қалайды. Сондықтан да дана халқымызда «Үйің болмай, күйің болмас», «Өз үйім, кең сарайдай боз үйім» деген сөздер бекерден – бекер айтылмаса керек-ті.

Салтанатты шарада баспана кілтін алған әрбір тұрғынның шынайы қуанышын көзбен көргенде олардың ішкі жан дүниесін түсінгендей болды. Өйткені олар жаңадан алған баспаналарының есігін ашып, табалдырығын атап басқан сәтте қуаныштың көз жасы көл болып, ерекше қуанып жатты.

Тұрғын үйсіз жүрген отбасылардың баспаналы болудың өзі-зор бақыт. Тәуелсіз мемлекетіміздегі азаматтардың әлеуметтік игілігі олардың тұрғын үймен қамтылуына тікелей байланысты. Бұл ретте мемлекетіміздің негізгі қағидаты, әлеуметтік әлжуаз топтағы тұрғындар үшін тұрғын үйлердің қолжетімділігін арттыру болып қала бермек. Осы мақсатта мемлекет тарапынан тұрғын үй қолжетімділігін арттыруға ықпал ететін тұрғын үй бағдарламалары өз жалғасын таба беріде деген сенімдеміз.

ашылғаны, қызмет көрсету мақсаттары және филиал жұмысын жүргізу, жұмыс орнын белгілеу мәселелері айтылды. Аудан әкімі Нұрбақыт Молдахметұлы болашақта спорт залымен бірге салынған жаңа мәдениет үйлері бой көтеріп жатқандықтан, мұндай мекемелер ауылдық округтерде де ашылса деген ұсынысын білдірді. Орталық басшысы Жания Көпжүрсінқызы бұл ұсынысты құптап, мүмкіндік қарастырылатынын жеткізді.

Кеген ауылында ашылған филиалында қызмет көрсетілетін Жастар ресурстық орталығында шахмат, тоғызқұмалақ, емдік дене шынықтыру, психологиялық, жадыны нығайту, еңбек терапиясы, әлеуметтік қызметтер, ал Өжек Жаңабаяв атындағы орта мектепте ІТ сауаттылығы, музыка, йога, цигун, скандинавиялық жаяу жүру, әлеуметтік қызметтер облыстық мекемелердің ынтымақтастық келісімі бойынша жүргізілімек. Яғни, орталықта әлеуметтік сауықтыру және медициналық қызмет түрлері көрсетіліп, іс-шаралар өткізіледі.

«Белсенді ұзақ өмір орталығының» Кеген ауданы бойынша филиалының кеңесшісі болып, аудандық Аналар кеңесінің төрайымы Бақытгүл Демезжанқызы, әлеуметтік маман болып Ермек Сауытқазиев тағайындалды.

Облыстық орталықта білім дәрежесіне сәйкес заңдылықтарды сақтау негізінде қызмет көрсететін мамандарды қабылдау жүргізіп, аудандық филиалда қызмет алушыларды тіркеу басталды.

Барлық қызмет тегін көрсетілетін орталыққа ауданның зейнетке шыққан кез келген тұрғыны келе алады.

**Дәурен ЕРМЕКБАЙ**  
Кеген ауданы

**Откен жылдың жағымды жаңалығы**

### Алматы облысында танк аударылып, полиция көлігін соғып кетті

Алматы-Өскемен автожолында әскери техника тиеп келе жатқан жүк көлігінің жүргізушісі оқиға жағдайда тап болды, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



«ҚазАвтоЖол» мәліметінше, оқиға 2025 жылғы 15 қаңтар күні сағат 13:40 шамасында «Алматы-Өскемен» автожолының оңтүстік бағытының 56 шақырымында болған.

«Цефан» автокөлігінің жүргізушісі Заречный ауылы маңындағы өтпезжолдан келе жатқанда тралдан екі бірлік әскери техниканы түсіріп алды.

Нәтижесінде техника жүру бөлігіне аударылып, сүйемелдеп келе жатқан «Ssang Yong Actyon» автокөлігімен соқтығысты.

Зардап шеккендер мен қаза тапқандар жоқ, - делінген «ҚазАвтоЖол» хабарламасында.

### Новый спорткомплекс построят в Алматинской области за счет возвращенных активов

Правительство выделило 1,1 млрд тенге на строительство спортивного комплекса в с. Жалағаш Кегенского района Алматинской области, передает агентство Kazinform.



Как сообщает пресс-служба Кабинета, проект реализуется в рамках Закона «О возврате государству незаконно приобретенных активов». По поручению Президента средства из

Специального государственного фонда направляются на строительство социально значимых объектов в регионах. Спортивный комплекс предназначен для учебно-тренировочных занятий по общей физической подготовке и проведения соревнований. Проектом предусмотрено несколько залов для занятия боксом, борьбой и другими видами спорта.

### Алматы облысында жеке клиника дәрігері пациентке шабуыл жасады

Алматы облысында жеке стоматология клиникасының дәрігері пациентке шабуыл жасады, деп хабарлайды Azattyq Rýhy.



Egov.press хабарлауынша, 50 жастағы әйел стоматология қызметінің сапасына көңілі толмай, клиникаға шағымдануға барған. Алайда ол жерде дәрігер пациентке шабуыл жасаған.

«Оқиғадан кейін зардап шегуші Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігіне шағымданды. Министрлік тексеру жүргізіп, емдеу процесінде көптеген заңбұзушылық анықтаған», — делінген хабарламада.

Алматы облысы Іле аудандық полиция басқармасы оқиға бойынша қылмыстық іс қозғады. Алайда біраз уақыт өткеннен кейін тергеуші істі күштеген жерден тоқтатып, бұл шешімді аудандық прокуратура қолдаған. Зардап шеккен әйел тергеудің үстірт жүргізілгенін айтып, наразылық білдірді.



Руханият

# Жазушы жерлесіміздің мерейтойы аталып өтті

**Балқаш аудандық Мәдениет үйінде ақын-жазушы, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның құрметті журналисі, Алматы облысының және Балқаш ауданының Құрметті азаматы, жерлесіміз Ысқабай Әли Әпекұлының мерейлі 85 жасқа толуына орай шығармашылық кеші болып өтті.**

Қаламы қарымды қаламгерге құрмет көрсету мақсатында жерлестері тарапынан ұйымдастырылған мәдени шараға Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов, ауданнан шыққан қаламы қарымды, ойы шалымды ақын-жазушылар, зиялы қауым және мерейтой иесінің туған туыстары арнайы келіп қатысты.

Алыстан ат арылтып келген қаламгер мен мәдени шараға арнайы шақырылған құрметті қонақтарды аудан басшысы бастаған топ Д.Қонаев атындағы саябақ алдынан күтіп алып, Ұлы тұлғаның еңселі ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, Димаш атаның әруағына тағзым жасап, естелік суреттерге түсті.

Мұнан соң Б.Бейсекбаев атындағы мектеп-гимназиясына атбасын бұрып, Ресей батыры, Қазақстанның Халық қаһарманының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, аталмыш білім шаңырағында жер-

лесіміздің атынан демеушілердің көмегімен жақында ғана ашылған сынып бөлмесін көріп, ол жерде мектеп оқушыларының өлең шумақтарына құлақ түріп, бүлдіршіндерге ризашылықтарын білдіріп, өнерлі балаларға тәлім-тәрбие беріп жүрген ұстаздарға алғыстарын жаудырды.

Бұдан соң алыс-жақыннан арнайы келген қонақтар аудандық Мәдениет үйінің есігінен аттап басқан сәтте Бақанас мектеп-интернатының оқушылары Әли Әпекұлына арнаған өлең шумақтарын айтты. Келесі кезекте аудандық кітапхана қызметкерлері дайындаған мерейтой иесінің кітаптары қойылған «Шежіре тұнған, асылдар туған құт мекен» тақырыбында ұйымдастырылған кітап көрмесін аудандық кітапхана директоры Қаракөз Жүмәділова таныстырып шықты. Балалар әдебиетіне өлшеусіз үлес



бай Әбдірахым құттықтау тілегін арнап, қаламгердің еселі еңбектері жайында кеңінен әңгіме өрбітіп, иығына шапан жапты. Сондай-ақ Халықаралық «Д.А.Қонаев» қорының вице-Президенті Дәулетбек Жанботаев мерейтой иесінің төсіне

«Д. Қонаев» орденін тағып, аталмыш қордың Президенті Эдлар Қонаевтың құттықтау хатын табыстады.

Әсерлі өткен шарада Әли ағамен үзегілес жүріп, оның жолын куған қаламгерлер қауымы, әріптестері Сағидолла Сиқымбай, Зарыққан Әбілкасымұлы мерейтой иесіне ақ тілектерін арнаса, ал ақын Шынәділ Мұханов, Ізгілеу Тойшыбайұлы мен Сердалы Сабыров арнау жырларын тейірене оқыды. Сөз тізгінін ағытқан осы топ Мемлекет және қоғам қайраткері Омархан Өксікбаевтың мерейтой иесіне арнайы беріп жіберген шапанын иығына жапты. Мұнан соң Жетісу облыстық Қоғамдық кеңестің төрағасы, жерлесіміз Ерғазы Қошанбеков сахна төріне шығып, өзінің жүрекжарды тілегін білдіріп, жыр арнауын арнады.

Сөз кезегін алған мерейтой иесі жерлестерінің көрсетіп жатқан құрметтеріне шексіз ризашылығын білдіріп, өзінің ел игілігі жолында атқарған бірқатар еңбектерін тілге тиек етіп, журналистік саланың ауыр жүгін арқалап жүрген ақын-жазушыларға толағай жемістер тіледі.

Ақынға арналған шығармашылық кеш аудан өнерпаздары дайындаған концерттік бағдарламамен өз жалғасын тапты. Сахна төрінде әуелете ән шырқап, күмбірлете күй

шерткен өнерпаздар арасында Әли Әпекұлының немересі Айсұлтанда өзінің жыр арнауын және атасының өлеңдерін жатқа орындаса, аудандық Мәдениет үйінің дәстүрлі әншісі Тұрғали Жармедет домбырасын күмбір қактырып, жыр арнады.

Балқаш өңірі - ежелден қасиетті өнердің киелі бесігі, дарынды тұлғалардың құт мекені. Осы киелі топырақтан небір ақындар мен жырғаулар, дүлдүлдер мен сөз кінесін ұғынған қаламгерлер көптеп шыққаны тарихтан белгілі.

Өткенін ұмытпаған, тұлғаларын ұлықтаған дана халқымызда «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» деген қанатты сөз бар. Ал болмысы бөлек, мінезі ақжарқын, кішіпейіл, саналы ғұмыр жолын қызығынан қиындығы басым жазушылық салаға арнап келе жатқан Балқаш топырағының түлегі Әли Әпекұлына қандай құрмет көрсетсек те лайықты.

Ісі қазақ есімін ардақтап, құрмет тұтатын ақын-жазушының туған жерінде өткен мәдени шара өз мәнінде дүбірлеп өтіп, көпшіліктің көңіліне қуаныш сыйлады.

«Ақынның ардақтаған ел озады» демекші, қазақ әдебиеті мен мәдениетіне өзіндік өлшеусіз үлесін қосып келе жатқан қабырғалы қаламгерге мерейлі жасқа толуына орай құрмет көрсетуді ол кісінің ізін басып келе жатқан іні-бауырлардың «бір үйдің баласындай, бір қолдың саласындай» ауызбіршілікпен атқарғандықтары айқын аңғарылып тұрды.

Осындайда «Бақ қайда барасың?» дегенде «Бірлігі мен ынтымағы жарасқан елге барамын!» деген ел аузындағы әфсана еске түседі. «Ұлкенге құрмет, кішіге ізет» көрсетудің жарқын үлгісін көрсеткен балқаштық бауырлардың еңбегі ерекше болды десек, ақиқаттан алшақ кетпейтін шығармыз.

**Бақтығали ДӘУІТБАЕВ.**  
Балқаш ауданы.



**Қайырымдылық**

**Қоғамдық ортада мейірім мен қайырымның орны қашан да дараланып тұрады. Әсіресе, бұған жаратылыстың салдарынан жандары жабырқап жүрген жарымжандылардың аса зәру екенін бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан да соларға жақсылық жасап, қол ұшын беруге екінің бірі құштар.**

## Жарымжандар бір жасап қалды

Жаңа жылдың қарсаңында әрдайым жақсы істің жанашыры болып жүретін Әйтей ауылындағы аталар мен әжелер ұйымдары бірлесіп, көршілес «Көксай» ауылына орналасқан «Оналту» орталығына сапарлап барып, қайырымдылық іс-шарасын көрсетіп қайтты. Әжелер ұйымының төрайымы Бақытгүл Құланшеева басқарған әжелер өз өнерлерін көрсетуден аянып қалған жоқ. Атап айтқанда, музыка жағынан сүйемелдеген Қонақбай Жалмахановтың, әуелете ән салып, мың бұрала билеген Гүлсанам Ишназарова, Бағдагүл Матниязова, Үмітханым Сейдіғалиева, Мариам Әбілғазиева, Гүлнар Қожалепесова, Өтіркүл Баймұханбетова, Күмісбала Әлдіжановалар жарымжан жандарды жан-жақты қабілеттерімен қайран қалдырды.

Әжелер тек оларды өнерлерімен ғана таң-тамаша етіп қана қоймай, өзара әңгімеге тартып, көңілдерін көтеріп тастады. Бір атап айтар-



лығы, жарымжан жандар шеттерінен қолөнерінің шеберлері екен. Олардың қолынан шыққан алуан түрлі заттар мен бұйымдар көздің жауын аларлық. Мұның таза табыс көзі екенін ескерген әжелер оларын саудалап, сатып беруге ұйғарым жасады. Олар да бұған қуана келісті. Әйтей ауылдық округінің әкімі Жарқын Қатубаев пен депутат Жандос Тахимов «Оналту» орталығындағы адамдарға жаңа жылдық сый-сияпаттарын жасады.

Жарымжан адамдарға арнайы сапармен келіп, ақ ниеттерімен көңілдерін көтергендерге орталық басшысы Бибиайша Бадилаева, қызметкерлері Баян Дәрменова, Шынар Әбуғалиевалар ағынан ақтарыла алғыстарын білдірді.

**Қанат ТӘКЕБАЕВ.**  
Қарасай ауданы.

**Отбасылық құндылық**

## АТА-АНА ПАРЫЗЫ-ПАРАСАТТЫ ҰРПАҚ ӨСІРУ

**Жақында Талғар ауданы Бесқайнар ауылдық округі әкімдігінің жастар ісі жөніндегі әдіскер-нұсқаушысы Толғанай Тұрлыжанованың ұйымдастыруымен «Еліне азамат тәрбиелеген отбасы» бағыты бойынша іс шара өтті.**

Айтулы шараға Талғар аудандық аналар кеңесінің төрайымы Айтжамал Нұрбатырова, әр ауылдық округтың аналар кеңесінің төрайымдары және ауыл тұрғындары, ата-аналар, ұстаздар, оқушылар қатысты. Бұл шараның мақсаты - «Еліне азамат тәрбиелеген отбасы» бағытын басшылыққа ала отырып, әр түрлі салада балалары жұмыс істеп, табысқа қол жеткізген отбасыларды анықтап, олардың үлгі-өнегесін көпшілікке паш ету. Өйткені, тәрбие отбасынан басталады. Отбасы-адам баласының өсіп-өнер алтын ұясы. Адамның өміріндегі ең қуанышты қызық дәурені осы отбасында өтеді. Ата-ана балаларының денсаулығының дұрыс жетіліп өсуін қамтамасыз етуге, тәрбие, білім беруге, үй болып, аяққа тұрып, ел қатарлы өмір сүруіне ықпал етеді. Тәрбие берудің негізгі міндеті ұлттық сана сезімі оянған, рухани ойлау дәрежесі биік, ар-ожданы мол, мәдениетті, еңбеккер, іскер адамды тәрбиелеу екендігі бәрімізге жақсы белгілі. Әр ата-ана ұл-қызына ұлттық салт-дәстүр, құндылықтарды үйретеді. Осы орайда «Ұлың өссе, ұлы жақсымен көрші бол, қызың өссе, қызы жақсымен көрші бол» деген даналық сөздің бекер айталмағанының өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сонымен, Бесқайнар ауылдық округінде өткен сайысқа ауылдағы үлгілі өнегелі отбасылар қатысты. Қатысушылар шара барысында 4 кезеңнен тұратын тапсырманы мұлткіз орындап шықты. Мәселен: Жұмбаевтар отбасы мал шаруашылығымен айналысады. Балалары жоғарғы оқу орнын бітіріп, қоғамның әр саласында қызмет атқарып жүр. 9 немерелері бар. Ерлі-зайыпты Хамит пен Советхан екеуі өнерлі, жанды дауыста ән айтып, көрерменнің көңілінен шыға білді.

Ұлттық тағамды көрсету барысында ет, құрт, ірімшікті қалай дайындауға болатындығын жас отбасыларға түсіндіріп берді. Әже бір әулеттің отанасы, ата бір әулеттің отағасы екенін өздерінің өмірлері арқылы көрсете алды.



Екені әуелі ақсақал дәрежесіне көтеретін өзінің туған баласы екендігін олар нақты дәлелдеді. Баласы тыңдамаса, сыйламанаса, әке қадірі жойыла бастайды. Балаға, немереге үлгі-өнеге болу үшін атаның орны ерекше екендігін олар көпшілікке дәлелдеп берді. Екінші қатысқан отбасы-үйғыр ұлынан Хапизов Махсұттың жанұясы. Олардың 4 баласы, 15 немере бар. 20 жылдан аса уақыт қазақтелекомда қызмет атқарды. Дүниеде қанша халық бар, ұлттар бар, әрбір ұлт өзіндік дара қасиеттерімен ерекше көзге түседі.

Махсұттың өнегелі тәрбие беруі арқасында балалары жоғарғы оқу орнын бітіріп, әр салада қызмет атқарып жүр. Немерелері де мектепті алтын медальға бітіріп, жоғарғы оқу орнында грантта оқып жатыр. Өздерінің ұлттық биін билеп, ұлттық тағамын әкеліп, жоғарғы деңгейде көрсете білді.

Үшінші қатысқан Мұқашевтар отбасы. Мұқашевтардың 5 баласы, 15 немересі бар. Мұқашев Мұрат ауылда ақсақалдар алқасының төрағасы. Жастарға ақыл кеңес беріп, даналық сөздерімен көзге түсіп жүрген ақ-

**Сәния БЕКТІЛЕУҚЫЗЫ,**  
Бесқайнар ауылдық округі аналар кеңесінің төрайымы.



Мерей биігінде

# ЖАПЫРАҒЫН ЖАЙҒАН БӘЙТЕРЕК

**Өмір-өзен деп бекер айтылмаған. Ағын су сияқты өмір көші жөңкіле алға жылжыған сайын, жолыңда кездескен қуанышты сәттерді, базарлы да ажарлы күндерді бастан өткізіп, басың бақыттан айналса, сәл бір қиындық бола қалса жабырқайтының да рас. Өмір осысымен қызықты. Мұндай алма-кезек жағдайды тең көтеріп, қуансаң асымай-таспай, қиналсаң құтыңды қашырмай таразы басын тең ұстай алсаң ғана жеңіске жетесің. Абырой биігіне көтеріліп, құрмет төрінен орын аласың. Осындай қадірлі де, құрметті жанның бірі-Алматы облысы Талғар ауданынан қарасты Қызылту ауылының тұрғыны Ботакөз Адамсопықызы Қырбасова.**

Бұрынғы Шелек ауданы Ащысай ауылында туып-өскен, әкесі Адамсопыны арқа тұтып, Күлжәмила мен Бүбіхан атты екі анасын тел еміп, ержетіп, есейді. Ауылдың «Мичурині» аталып кеткен Адамсопы ақсақал бау-бақша өсіруден, небір жеміс түрлерін будандастырудан жалықпайтын. Сол арқылы балаларын табиғатты сүюге ұмтылдырып, еңбекке баулыды. Осындай айрандай ұйыған көп балалы отбасында өскен Ботакөз ерке де, ақылды «тентек» қыз болды. Аналары тапсырған шаруаны әп-сәтте тындырып, көшеде ұлдармен доп теуіп, ләңгі ойнап кететін. Көбіне үйдің шаруасынан гөрі аула тазалау, мал суару, су тасу сияқты сырттың жұмысын атқаратын. Қандай іс болсын тап-тұйнақтай етіп, сапалы тындыратын. Сабағын да жақсы оқыды. Екі анасы мен әкесінің еңбекқорлығы оның бойында жастайынан алғырлықты, өжеттілікті, қалыптастырды. Биікке ұмтылдырып, алға жетеледі. Кейіннен өмірден өз орнын табуға септігін тигізді.

Еңбек жолын Қазақстан энциклопедиясында бастаған ол академик Мұхамеджан Қаратаевтың тәрбиесін көп көрді. Ойы терең, ғұлама ғалымнан көп нәрсені үйренді. Уақытпен санаспады. Кеше ғана еркекшора болып өскен Ботакөз ибалы да тәлімді келін бола білді. Жұмысымен қоса үйдегі жары Абайдың, атасы Артықбай мен енесі Әше апаның, кішкентай балаларының күтіміне де уақыт табатын. Үлкен шаңырақ болған соң үйден үзілмейтін

қонақты да өзі күтіп алатын. Соған қарамастан жұмысқа ерте келіп, кеш кететін. Өзінен үлкен әріптестері тапсырған істі түбіне жеткізбей жаны жай таппайтын. Жүктелген міндетті ойдағыдай жүзеге асырып, апалары мен ағаларының ризашылығын алу ол үшін үлкен мәртебе еді. Сондықтан да Қызылтудан Алматыға қатынайтын жол қиындығына да шыдай білді. Осылайша еңбекке төселіп, тәжірибесін шыңдады. Энциклопедияда жинақтаған тәжірибесі кейіннен Іле аудандық «Іле таңы» газетінде пайдаға жарады. Осы басылымда ұзақ жыл жемісті еңбек етті. Еңбек етумен қатар Іле ауданының экономикасы мен әлеуметіне, идеология саласына бір кісідей үлес қосты. Өз ісіне адалдық танытып, ұжымының құрметіне бөленді. Өмірінің саналы ғұмырын баспасөз саласына арнаған ол өзіне тапсырылған істі мұқият орындап қана қоймай, білгенін басқаларға үйретуден жалыққан емес. Оның мұндағы еңбегі елесуіс, ескерусіз қалмады. Бірнеше рет Алматы облысы, Іле ауданы әкімінің Құрмет грамотасымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Еңбегіне адал, жұмысына мығым Ботакөз Адамсопықызы-ата-енесін бағып, олардың ризашылығына бөленген жан. Орайы келгенде айта кеткен жөн, енесі Әше мен атасы Артықбай өмірінің соңғы жылдары төсек тартып жатып қалғанда, олардың асты-үстіне түсіп, асын, дәрі-дәрмегін уақытылы беріп, жуындырып-шайындырған осы Ботакөз бо-



латын. Үлкендерді балаша мәпелеп күткендіктен де шығар атасы «Қара тентегім» деп келінін еркелететін. Екеуі де көзі тірілерінде келіндеріне алғысын айтып, батасын беріп кетті. Өз заманында ауылдағы ең абыройлы отбасы осы Қырбасов Артықбай ақсақалдың үйі еді. 5 жыл қан майданда жаумен шайқасып, жеңіспен елге оралған ол колхоздың беделді басшысы болды. Бөлім басқарушысы ретінде өз ауылының көркеюіне үлесін қосып, жерлестерін еңбекке жұмылдыра білді. Бүгінде Қызылту ауылындағы бір көшенің бірнеше орден, медальдардың иегері атанған Артықбай Қырбасовтың есімімен аталуы осының айғағы іспеттес.

Үлкендерден алғыс алған Ботакөз ардақты жары Абай Артықбайұлы екеуі үш ұлды тәрбиелеп қатарға қосып, бақытты ғұмыр кешті. Бір өкініштігі ұзақ жыл құқық қорғау саласында абыройлы қызмет атқарған Абай Артықбайұлының өмірі қысқа болды. Бар болғаны 51 жыл ғана өмір сүріп, аяқ астынан

келген ажалдан құтыла алмады. Бірақ, оның артында қалған аяулы жары Ботакөз, алтындай балалары Ғани, Абылай, Асхат әкенің шаңырағының отын өшірмей отыр. Немерелері Арай, Санжар, Айша, Бекарыс, Өрсен, Акерке, Арай, Гүлім, шөбересі Әли, Әнел де Абайдың есімін жадыларында ұстап, оның рухын биіктетуде.

Кез-келген адам, өзінің өмірдегі орнымен, еліне сіңірген еңбегімен жұртқа жағымды, көпшілікке қадірлі болады. Сонымен бірге әулетімен, отбасымен, туыстарымен де бақытқа кенеліп, қуанышқа бөленеді. Келген жеріне тастай батып, судай сіңген Ботакөз Қырбасова туған-туыстарына қамқорлық танытып, оларға мейірімін төге алады. Өмірлік жары Абай марқұм екеуі туған-туысқа көп жақсылық жасады. Туыстарына қолдарындағыны бөліп, ауыздарындағыны жырып берген күндері де болды. Үлкендерге ізетпен қарап, олардың көңілін таба білсе, артынан ерген бауырларына көмек қолдарын созып, олардың аяғынан тік тұрып кетулеріне жағдай жасады. «Абысын тату болса ас көп» дегендей, Ботакөздің қолының ашықтығы, жүрегінің кендігі осы шаңыраққа береке мен ырыс әкелгендігін ауылдастары мақтана айтады.

Бүгінде бір әулеттің абзал анасы атанып отырған Ботакөз өз бауырларына да арқа сүйеп, оларды ардақ тұтады. Ағасы Нұртасқа, әпкелері Жібек пен Ақжібек, Шараға еркелесе, артынан ерген Талап, Дәулет, Болат сынды інілеріне айрықша көңіл бөліп, жәрдем жасап, қамқорлық танытып отырады. Бақилық болып кеткен Нұртас ағасының шаңырағындағы Рухиям жеңгесін ерекше сыйлайды.

Қараторы жүзінен төгілген мейірім жаныңды шуаққа бөлейтін, қара бұйра шашы мен ұялы көзі өзінді еріксіз баурайтын Ботакөз Адамсопықызы-өз отбасының ардақты әжесі, аяулы анасы, Қырбасовтар шаңырағының шырақшысы. Өмірінің саналы ғұмырын баспасөз саласына арнаған ол-бүгінде өзінің асқаралы асуы алпысқа жақындап, бейнетті еңбегінің зейнетін көріп отырған бақытты жан.

**Роза АЙДАРБЕКОВА,**  
Талғар ауданы.

Наши ветераны

# ЮРИЙ МАГАЙ И ЕГО КОМСОМОЛЬСКИЙ ЗАДОР!




**На восьмом десятке лет этот человек еще полон энергии и жизнелюбия.**

Жизнь его – пример многим. И если её описать подробно, возможно, не хватит и целой книги! Сколько его помню, а это более 2-х десятков лет, Юрий Васильевич был всегда в первых рядах ветеранов Илийского района, несмотря на свой немолодой возраст (скоро ему исполнится 80 лет).

Немного биографии. Юрий Магай родился через два года после окончания войны в семье депортированных в Среднюю Азию дальневосточных корейцев. Его отец – Магай Василий Емельянович, а мама - Ольга Моисеевна Ким. Место рождения Юры – маленький кишлак недалеко от узбекского города Андижан, где он и пошел в школу. Но вскоре, видимо, за лучшей долей, был переезд родителей в Киргизию, потом был опять Узбекистан, а немного погодя, отец, найдя мамино брата, привез его к нему, под Алматы, в колхоз на месте нынешней Алтын орды. Так несколько лет, по неизвестным для Юры причинам, он путешествовал несколько лет между Алматы, Андижаном и Киргизией до 1966 года. С Узбекистана был призван в ряды Военно-морского флота на Дальний Восток на Тихий океан. В отдельном дивизионе аварийно-спасательной службы дослужился до старшины 1-й статьи и командира отделения рулевых. Там, юный комсомолец, был принят в члены КПСС. Демобилизовался в декабре 1969 года и бук-

вально за полчаса до нового года оказался в Алма-Ате. Записался на курсы механиков по ремонту счетно - перфорационных машин и продолжил работу в городском вычислительном центре. В 1971 году женился, появился первый ребенок - дочка, потом сын, а в 1973 году поступил в Алмаатинский сельскохозяйственный институт на факультет плодоовощеводства и виноградарства. После окончания третьего курса переехал в пригород Алматы, в Илийский район, село Али. Работал в колхозе «40 лет Казахстана» на орошаемом участке поливальщиком, а потом учетчиком-агрономом. Колхоз, вспоминает Юрий Васильевич, был мощным производителем продукции. Выращивали на 2-х тысячах га сахарную свеклу для Боралдайского

сахарного завода, на 4-х МТФ содержалось более 5-ти тысяч голов коров, на отгонных пастбищах было более 55 тысяч голов овец, а к моменту стрижки, с учетом окота, их количество доходило до 80 тысяч голов. Колхоз имел более 110 тысяч гектаров земли и мог далеко безбедно существовать, если бы не развал плановой экономики Союза, и как вы помни-



те, «шоковая рыночная терапия» правительства Егора Гайдара.

Был период работы агрономом в соседнем Талгарском районе, преподавателем по труду в селе Али, был депутатом районного совета, главным агрономом райсельхозуправления, заместителем директора подсобного хозяйства «Казинженеринг», бывало, накручивал на служебном «Москвиче» до 200 км в день.

Потом вновь «возвращение в родные пенаты», в село Али.

1999 год - продолжение процесса расформирования бывшего колхоза и создание на его базе собственников –владельцев земельных паев нового, уже частного ТОО «Нурай», возглавляемого Касымовым Нурмухамедом Касымовичем. В 2001 году уволился оттуда, работал на картонной фабрике Amcor Specialty Cartons Kazakhstan в Отеген батыре садовником, откуда в 2010 году вышел на пенсию. Но, будучи на пенсии, не сидел без дела, занимался выращиванием в крестьянском хозяйстве овощей, кукурузы, а также общественной деятельностью в родном селе Али и Байсеркенском округе.

Работая в общественном совете, в 2015 году сделали очень большое, значимое историческое дело – организовали сбор средств на строительство памятников сразу в пяти населенных пунктах сельского округа. Председателем ОС Байсеркенского округа был в то время Кайсар Валиев.

Таким образом, новые памятники ветеранам ВОВ были открыты с селах Али, Ынтымак, Коян кус, Жанадаур, Жанаталап. Большую организационную, координационную работу провел бывший в то время председателем общественного совета района Амзе Альдибекович Исаев. Огромную помощь в финансировании оказал депутат районного маслихата, генеральный директор «Максдорстройсервис-21», воин-афганец Александр Скоропадский, а также руководство «Казмрамор».

Тесные контакты, рассказал наш собеседник, до сих пор сохранились с воинами-афганцами, где он является членом общественной организации «Боевое братство» Алмаатинской области. За последние годы, за общественную деятельность в округе и военно-патриотическую работу с молодежью, Юрий Васильевич был награжден добрым десятком различных нагрудных знаков: «Кара майор», «70 лет со дня Победы», «Патриот Родины», «Рахимжан Кошкарбаев», «35 лет вывода советских войск из Афганистана» и другими.

Словом, наш ветеран, несмотря на почтенный возраст, не думает сидеть дома! Он, как тот молодой комсомолец, всегда на переднем крае и в редкие минуты отдыха с друзьями заводит любимую песню юности композитора Александр Пахмутовой: «Пока я ходить умею. Пока глядеть я умею! Пока я дышать умею! Я буду идти вперед!»

**Рамазан ЕЛЕШЕВ,**  
Илийский район

Рухани тірек

**Тіл-ұлттың рухани тірегі, мәдени-рухани бірліктің бейнесі. Қазақстанның көп ұлтты қоғамында мемлекеттік тілдің рөлі ерекше. Олар түрлі этнос өкілдерін біріктіріп, ортақ мақсатқа жетелеуге мүмкіндік беретін басты құндылық.**

# Тіл - бірлік пен татулықтың кепілі

Мемлекет басшысы атап өткендей, мемлекеттік тілді, әсіресе ана тілді меңгеру-бұл азаматтың мәдени тұрғыдан қаншалықты дамығанының, оның азаматтық жауапкершілігінің деңгейі, сайып келгенде, оның патриот екендігінің көрсеткіші.

Мемлекеттік тіл саналған қазақ тілі – барша қазақстандықтарды бір тудың астына жинайтын рухани күш.

Бүгінде Қазақстанда мемлекеттік тілді меңгеруге барлық жағдай жасалған. Оқу орындарында, мемлекеттік мекемелерде және қоғамдық орындарда қазақ тілін үйрену мен қолдану кеңінен насихатталып келеді. Тіл тек қарым-қатынас құралы ғана емес, ол ұлттың мәдениеті мен тарихын сақтап, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін алтын көпір.

Тіл – ұлттың айнасы, елдің келешегі. Қазақстандағы барлық этностардың тілі мен мәдениетін дамытуға ерекше назар аударылғанымен, мемлекеттік тілдің ортақ тіл ретіндегі рөлін нығайту – әр азаматтың парызы.

Мемлекеттік тілдің дамуы елдегі тұрақтылық пен ынтымақтастықтың кепіліне айналуға. Ол тек қазақ халқының ғана емес, барша қазақстандықтардың ортақ игілігі болуы тиіс. Бірлікке ұмтылған қоғамда ортақ тілдің маңызы зор. Бұл-ел болашағы үшін жасалған ең маңызды қадамдардың бірі.

Қазақстанның жарқын келешегі үшін мемлекеттік тілді меңгеріп, оны дамытуға үлес қосу – әр біріміздің азаматтық борышымыз. Тіл арқылы біз қоғамда өзара сенімді нығайтып, бейбітшілік пен тұрақтылықтың берік негізін қалаймыз.

«Тіл – халықтың жаны. Оны сақтау – елдің болашағын сақтау» деген сөздер баршамызға ой салуы тиіс. Бірлігімізді нығайту үшін ортақ тілімізді құрметтеп, оның өркендеуіне атсалысайық.

**Айман КЕНЖЕНБАЕВА,**  
«Қоғамдық келісім және даму орталығы» КММ Жамбыл аудандық бөлім басшысы.



## Дәстүр

# БӨЛЕКСАЗ АУЫЛЫНДА МӘДЕНИЕТ ҮЙІ АШЫЛДЫ

Жаңа жыл қарсаңында Бөлексаз ауылында Мәдениет үйі қолданысқа берілді. Ғимараттың құрылысы 3 жыл бұрын басталған. Жалпы жоба құны- 279 млн теңге. Шет аумақта орналасқан шағын елді мекенде түрлі мәдени іс-шаралар бұған дейін мектептің шағын залында өтетін. Енді кең сахна да, зәулім сарайда өнер көрсетуге тамаша мүмкіндік бар. Жаңа нысанның ашылуына келген ауыл жұртшылығының қуанышында шек болмады.



Ғимаратты жаңғырту жұмысын мердігер «Сем Шоғы құрылыс сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атқарды. Мәдениет үйінің ашылу салтанатында сөз алған Кеген ауданы әкімінің орынбасары Кеңес Қабылбеков:

- Облыс әкімінің қолдауының арқасында ауданның мәдениет саласы соны серпін алды. Соның бір дәлелі Қарқара, Жалағаш, Бөлексаз, Жылысай ауылдарында заманауи мәдениет ошағы салынып, Қарабұлақ Мәдениет үйі күрделі жөндеуден өткізіліп жатыр. Бүгін пайдалануға берілген жаңа ғимаратта мәдениет пен өнердің оты маздап қана қоймай, жастар бос уақытты тиімді пайдаланып, кітапханаға келуіне мол мүмкіндік ашылып отыр. Бұл тұрғындар үшін үлкен қуаныш, - дей келе «Ауданға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен мәдениет майталманы Қызыбай Бейсеновты марапаттады.

Шараға арнайы қатысқан облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім басшысы Төлеужан Ғұмаров:

- Мәдениет ошақтары халыққа аядай қажет. Өйткені, бүгінгі күндері өнер қайраткерлерінің барлығы ауыл сахнасынан шыққан адамдар. Осы жерде ән айтатын дәрігерлер бар, малшылар бар. Халықпен жұмыс істеп, халықтың арасындағы өнерлілердің басын қосу. Биылдың өзінде облысымызда 4 мәдениет үйі құрылыстан кейін қолданысқа берілді,- деген ол ауыл жұртшылығын жаңа Мәдениет үйінің ашылуымен құттықтады.

Өз кезегінде журналист, Қазақстанның мәдениет қайраткері Жақыпжан Нұрғожаев ризашылығын білдіріп, жаңа ашылған Мәдениет үйіне «Жүрегі оның жанартау», «Жетісу жылнамасы», «Кең дүние, төсінді аш, мен келемін» атты кітаптарын сыйға тартты. Сондай-ақ салтанатты шара да сөз алған «Өлке тынысы» ЖШС директоры, ақын Кәдірбек Құныпияұлы жерлестеріне ақ тілегін жеткізе, ауыл тұрғыны Бұршақбай Белеков ақсақал ақ бағасын берді.

Мәдениет үйінің лентасы салтанатты жағдайда қиылып, ақ жаулықты аналар



шашу шашты. «Сем Шоғы құрылыс сервис» ЖШС қызметкері Қасым Төреев жаңа ғимараттың символикалық кілтін Бөлексаз ауылдық Мәдениет үйінің директоры Берік Рахалиевқа табыстады.

Бұдан соң жиналған көпшілік мәдениет ошағын аралап көрді. Зәулім ғимаратта домбыра, колөнер үйірмелері жұмыс істейді. Бес мыңға жуық кітап қоры бар кітапхана, оқырман залы, 120 орынды көрермен залы бар. Үйірмелер жұмысына және шаруашылық қажеттіліктеріне арналған бөлмелер орналасқан. Мәдениет үйінде 5 қызметкер еңбек етеді. Әжелер ансамблі құрылған. Ашылу салтанатына келген жұртшылық аудандық Мәдениет үйі ұсынған концерттік бағдарламаны тамашалады.

Бұл күні Мәдениет үйінің ашылуына орай ұйымдастырылған шағын футболдан өткен финалдық ойын өз мәресіне жетті. Ауыл әкімі Серік Құныпияев қаржылай демеушілік танытқан бәсекеден Кеген командасы І орынды иеленіп, 70 000 теңгені қанжығасына байлады. Бөлексаз ауылының командасы жүлделі ІІ орынды еншілеп, 50 000 теңгеге, әр ауылдық округтегі спорт әдіскерлерінен жасқалған «Бұқаралық спорт» командасы ІІІ орын мен 30 000 теңгеге қол жеткізді. Барлық жеңімпаздарға аудан әкімінің дипломы мен арнайы кубогы табысталды.

Дәурен ЕРМЕКБАЙ  
Кеген ауданы



## Бұқаралық спорт

# АЛАНДЫҚТАР АЛДА

Жақында Төле би ауылында «Алатау жастары» қоғамдық бірлестігінің мүшесі, бұқаралық-спорттық іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаушы Бақдәулет Айдарқұловтың ұйымдастыруымен округ тұрғындары арасында волейболдан турнир болып өтті.

Ашылу салтанатында сөз кезегін алған округ әкімі Бақтияр Қасымбеков көрермендер мен қатысушыларды турнирдің ашылуымен құттықтады. Сондай-ақ ауыл

тұрғындарын бұқаралық спортпен жүйелі түрде айналысуға шақырды.

Жалпы бұл додаға сегіз команда қатысты. Жарыс екі мектептің ойын залында



өтті. Аса тартысты өткен ойын нәтижелерінің қорытындысы бойынша 3 орынға «Көкқайнар» командасынан басым түскен «Береке» командасы көтеріліп, турнирдің қола жүлдегері атанды.

Ал, финалдық кездесуде «Алан» командасына есе жіберген «Ащыбұлақ» командасы екінші орынды місе тұтты. Осы турнирде барлық қарсыластарынан басым түскен «Алан» командасы бірінші орынды иеленіп, турнирдің бас жүлдесін жеңіп алды.

Сондай-ақ турнир барысында жақсы ойын өрнегін көрсеткен Жанәлі Алі «Үздік қорғаушы», Мүсет Саят «Үздік үйлестіруші», Мұсаев Мұраділ «Үздік шабулшы», Бейсенов Дулат «Турнирдің ең үздік ойыншысы» номинациялары бойынша арнайы сыйлықтарға ие болды. Жеңімпаз және жүлдегер командаларға округ әкімі Бақтияр Қасымбековтың арнайы тағайындаған кубоктары табыс етілді. Ал ойыншылар медальдармен және мақтау қағаздарымен марапатталды.

Дәулетбай ЖАМАЛБЕКОВ,  
Ащыбұлақ ауылдық округі ардагерлер кеңесінің төрағасы.

Іле ауданы.

## Дәрігер кеңесі

# МОНША – ЖҮІ КЕЗДЕСЕТІН ЖЕКЕ КҮТІМ КҰРАЛЫ

Монша мен бұл бөлмесінде жуу кезінде эпигидидің өлі, өлі жасушалары теріден алынып, тері тесігі ашылады. Тері нәзік, жұмсақ, серпімді болады, біз өзімізді еркін және жеңіл сезінеміз. Монша кейде емдік мақсатта қолданылады, бұл суық тиоді, буын ауруларды емдеудің жақсы әдісі. Бірақ моншаға бару кезінде ешкім өте маңызды жағдайға назар аудармайды. Біз бәріміз оған барамыз, тіпті оған назар аудармаймыз. Өкінішке орай, бұл барлық адамдардың қателігі – моншадағы гигиена.

Моншаға барған кезде гигиена туралы үнемі есте ұстаған жөн. Сіз неге деп сұрайсыз? Барлығы өте қарапайым. Шыны мәннен, монша – бұл микробтар өте тез өсетін ылғалды жер. Жағымсыз аурулардың алдын алу үшін әрдайым тазалық пен тәртіпті сақтау керек.

Монша мен саунаны дұрыс пайдалану үшін, ең алдымен аяқ киімнің болуы және бассейнге барар алдында душқа жуыну сияқты маңызды гигиена ережелерін сақтау керек.

Ешқандай жағдайда резеңке аяқ киім киюді ұмытпау керек. Егер сіз моншада жалаң аяқпен жүрсеніз, саңырауқұлақ аурулары оңай таралады. Сондықтан тіпшіше кию ұсынылады, ең жақсы резеңкелі, өйткені олар барлық беттердің түрлерімен жақсы ілнісуі бар және олар душ ылғалды жағдайында және бұл бөлмеде жоғары температурада ылғайлы. Қоғамдық моншаларда резеңке аяқ киім әрбір келушіден кейін фунгицидтік әсері бар дезинфекциялау құралдарымен өңделеді.

Бассейнге немесе бұл бөлмесіне барар алдында адам ағзасында тұратын терді, кірді және микроорганизмдерді жуу үшін сабынмен немесе денеге арналған басқа жуғыш заттармен жуу керек.

Моншаға сүлгінізі немесе жаймаларыңызды әкелуге кеңес береміз. Екі сүлгі болған жақсы, біреуі бұл бөлмесінде орындық үшін қолданылады, екіншісі жуғаннан кейін денені құрғатады. Табиғи материалдардан жасалған – мақта немесе жүннен жасалған бас киімге немесе шарфа арналған бас киімді қолданған жөн. Сыпырғышпен соғынуды ұнататындарға қолдарды жоғары температурадан қорғау үшін жүн мен мақтадан жасалған қолғап немесе биалы қолданған жөн. Бұл бөлмесіне бармас бұрын шашты жуау немесе сулауға кеңес беріледі, өйткені дымқыл шаш тез қызады, әсіресе құрғақ буда және ыстық өтіп кетуі мүмкін.

Ешбір жағдайда бұл бөлмесінде кейін бассейнге қарқынды сүңгуге болмайды. Бұл бөлмесінен кейін душ қабылдау керек, содан кейін бассейнге бару.

Жеке моншалардың иелері үшін бассейнінде су ауыстыру туралы есте сақтау керек, өйткені бассейндерде су тез ластанады, сондықтан оны күн сайын зарарсыздандыру және ауыстыру қажет.

Моншадағы едендерді, сөрелерді, орындықтарды жуу және дезинфекциялау үнемі жүргізілуі қажет. Жексе моншада әр жуудан кейін. Қоғамдық моншада едендерді тазалау және жуу күнделікті және қажеттілікке қарай жүзеге асырылады. Монша жабылғаннан кейін үй-жайларды, мүқамал мен жабықтарды жинау, жуу және дезинфекциялау жүргізіледі.

Моншаның ағаш беттерін жуу және тазалау технологиялық нұсқаулыққа, дайындаушының қолдану жөніндегі нұсқаулығына сәйкес қолдануға арналған жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, щеткалармен тазартылады. Содан кейін судың қысымымен шлангтан мол сумен шайылады. Кейін бұл бөлмесінің есігін ашық қалдырмай және қыздыруды өшірмейсіз. Бұл бөлмені тазалау және дезинфекциялау тек қана ауру тудыратын микроорганизмдер мен саңырауқұлақтар осун болдырмау үшін ғана емес, ауаның таза болуы үшін қажет.

Жуу бөлмесінде, киім шешетін бөлмеде, киім ілгіште, санитариялық тораптарда, персоналдың тұрмыстық үй-жайларында дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, ылғалды жинау жүргізілуі тиіс.

Үй-жайларда сору-сыртқа тарату желдеткіші жұмыс істеуі тиіс. Парилер үй-жайларындағы ауа температурасын бақылауды жүзеге асыру мақсатында термометр көзделеді.

Бұл ережелерді монша денсаулығымызға зиян тигізбеуі үшін орындау керек. Біз моншаға ләззат пен пайда алу үшін барамыз. Моншаға бару бірден үлкен пайда әкелмейді. Бірақ үнемі бару, бассейнге, контрастылы душқа бару ережелерін сақтау уақыт өте келе денеге емдік әсер етеді.

Еске сала кетейік, барлық әуесқой монша, әсіресе жеке моншада, барлық үй-жайлардың үнемі тазалау, жуу және дезинфекциялау жүргізуі керек. Егер моншаны дұрыс пайдалансаңыз сіз ұмытылмас рахат, қуат пен денсаулық аласыз.

# ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНАН ҚОРҒАНУДЫҢ НЕГІЗГІ ӘДІСІ

Туберкулездің микробактерияларына иммунитетті қалыптастыруға бағытталған, туберкулезбен сырттанушылық пен өлім-жітімді төмендетуге ықпал ететін, туберкулезді менингит, миллиарлы туберкулез, кезеңді пневмония сияқты күрделі асқынулардың дамуына қол бермейтін жаңа туған нәрестелерді туберкулезге қарсы ерекше вакцинациялау (БІЖ вакцинасы) және инфекцияланбаған I-сынып оқушыларын ревакцинациялау болып қала береді.

Туберкулезге қарсы жаппай вакцинациялау жаңа туған нәрестелерге перинаталдар жүргізіледі. Вакцинациялауға уақытша қарсы көрсеткіштері бар жаңа туған нәрестелер, сондай-ақ БІЖ екпінсінен кейін тыртығы дамымаған балалардың қайта егілуі тұрғылықты мекен – жайына қарасты емханаларда жүргізіледі. Вакцинаны егу бөлмесінде анасының қатысуымен және хабарлар етілген жазбаша келісімімен жасалады.

Туберкулинодиагностика - балалар мен жасөспірімдер арасында туберкулез ауруын ерте анықтаудың негізгі әдісі. Бұл әдіс баланың ағзасына туберкулез микобактерияларының енгенін ерте анықтауға қолданылады және оны жыл сайын жүргізу баланың туберкулез ауруын жұқтыру фактісін уақтылы анықтауға мүмкіндік береді. Туберкулинодиагностиканы 72 сағаттан кейін нәтижені бағалай отырып, білектің ішкі бөлігінің терішіне Манту сынамасын қою арқылы жүргізеді.

Туберкулезге қарсы вакцинациядан кейін балаларда қалыптасқан иммунитет тек белгілі уақытқа дейін сақталыады. Сондықтан вакцинациядан бірнеше жыл өткен соң оны қайталау қажет, яғни ревакцинациялау жасалады. Біздің елімізде ревакцинацияны 6 - 7 жаста, орта мектепке 1-ші сыныпқа келгенде жаңа оқу жылының бірінші айында (қыркүйекте) жасалады.

Азаматтардың назарын аударатын жәйт – кейбір ата-аналар арасында 1-ші сынып оқушылары арасында жүргізілген Манту сынамасын екпе деп, Манту сынамасын жасаудан бас тартып жатады. Бұл мүлдем қате пікір.

Манту сынамасы – бұл баланың ағзасында туберкулезді жұқтырғанын ерте анықтауға мүмкіндік беретін диагностикалық тест. Манту сынамасы оң нәтиже бергенде, яғни баланың ағзасына туберкулез таяқшаларының енгені анықталған жағдайда, педиатрлар мен эпидемиологтар туберкулезді одан әрі дамуын болдырмау үшін дереу алдын алу шараларын жүргізеді, жұғу себептерін анықтайды, өйткені баланың қоршаған ортасында туберкулезбен ауыратын, бірақ әлі анықталмаған науқастың болуы мүмкін.

Манту – екпе емес. Ол – ағзада туберкулез жұқпалының бар-жоғын көрсететін сынама немесе тест. Манту сынамасын орындау кезінде дәрігер тері астына туберкулин (туберкулез микробактериясының сығындысы) жібереді. Дәрі жіберген жерге туберкулез қоздырушыларымен байланыста болған лимфоциттер ғана бағытталыады. Дәрігер ушу күн өткен соң терінің тығыздалуының өлшеміне қарап, туберкулездің бар-жоғын анықтайды. Біздің тәжірибиеде Манту сынамасы оң болған баламен қарым-қатынаста болғандарды тексеру кезінде туберкулезбен ауыратын туыстары немесе ата-аналары жиі анықталып жатады.

Манту сынамасы оң болған бала ревакцинацияға жатпайды, өйткені оның ағзасында туберкулез таяқшаларының сырттан енуіне иммундық реакция пайда болған (иммунитет).

Осыған байланысты, Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы диагностикалық тестілеу үшін қолданылатын препарат (туберкулин) вакцина емес екендігін ескертетін, сондықтан тек пайдасы болмаса, жағымсыз әсер немесе асқынулардан қорқып, Манту сынамасын қабылдаудан бас тартуға есе негіз жоқ.

Н.МЕДЕТОВ,  
«Қонаев қаласының СЭББ» РММ басшысы.